

I - Intended audience – Специальная аудитория (для кого она написана)

P - Point of view (author's) – Мнение автора, точка зрения

P - Purpose (author's) –Цель автора [3]

На основании источников исследовать данный период сделать вывод.

Концепт «интерпретация» обучает студентов анализировать, сравнивать, выявлять особенности, делать выводы из исторических данных и документов, свободно выражать свое мнение, работать самостоятельно.

Что интересно, после использования набора различных приемов концепта «интерпретация» уроки стали более интересными и увлекательными для студентов. Многие из них стали заинтересованными в результатах обучения, стали более объективными и рассудительными при оценивании. Конечно, это все пришло не сразу, в процессе работы были и негативные нюансы, студенты порою не могли понять, что конкретно преподаватель от них хочет?

Сегодня, в мире прогресса и технологий источником знаний является не только предметник, но и интернет, книги, телевидение. Задача педагога научить студента критически относиться к полученной информации, анализировать и сравнивать, заполнять свое пространство – только полезной информацией, которую можно применить в жизни.

### **Использованная литература**

1. Коммуникативные технологии двадцатого века: Г. Г. Почепцов. – М. : Рефл-бук, Ваклер, 2000 г. – 352 с.
2. ОПКПК педагогических кадров по предмету «История Казахстана» Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016
3. Сарсекеев Б.С. «Задания для самостоятельной работы учащихся по истории Казахстана», Алматы, 1991.

### **ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Тулегенова А.Ж.**, аға оқытушы, г.ғ.м.

**Сақабай Т.Қ.**, аға оқытушы, п.ғ.м.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыру екені сөзсіз. Осы мақсатта білім мен ғылымды дамыту бойынша жүйелі кешенді шаралар іске асырылуда, оның ішінде жалпыға бірдей қамту және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу бойынша міндеттемелерді іске асыру. Бұл міндеттемелер елімізде 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында белгіленген. Атап айтсақ: 1. Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру; 2. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны оқыту және дамыту; 3. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін ұлғайту.

Осы орайда орта білім беру жүйесін одан әрі жаңғырту мақсатында жоғарыда аталған БҒДМБ-да орта білім беру жүйесін жетілдіру бойынша мынадай негізгі ұстанымдар белгіленген:

1)білім берудің жаңартылған мазмұнына көшуді аяқтау; 2) оқулықтарды әзірлеу, сараптау, шығарудың жаңа жүйесін енгізу; 3) критериалды бағалау жүйесін жетілдіру; 4) 12 жылдық білім беруге көшу; 5) қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқыту процесін ұйымдастыру [1].

Білім беру мазмұнын жаңарту дегеніміз - бұл оқу үрдісін жаңа әдіс-тәсілдермен жаңарту, орта білім жүйесінде мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу қажеттілігі болып табылады. Өйткені қазіргі кезеңдегі технологиялар, коммуникация және ғылым сияқты салалардағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға, соның салдарынан жиырма бірінші ғасырда табысты болу үшін азаматтар игеруі тиіс білім мен дағдыларға терең әсер етеді.

Қазіргі мектепте тарих пәндерін оқытудың әлемдік тәжірибесін зерделеу көптеген елдерде дағдыларды дамытуға, оқушылардың оқу, зерттеу және практикаға бағдарланаған дағдыларын қалыптастыруға (зерттеу, мәселелерді шешу, сыни ойлау, өз бетінше оқу, ынтымақтастық, ақпаратты өңдеу, креативтілік, практикалық дағдылар) басымдық берілетінін көрсетеді. Ұлыбританияның, Америка Құрама Штаттарының және Сингапур елдерінің тәжірибесіне сәйкес, тарихты зерделеуде әрбір тақырып үшін тиісті тарихи түсінік (концепт) таңдалып алынады. Бұл сабақты белгілі бір дағдыларды дамытуға бағыттауға, оқушылардың осы концептілерді түсінуін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған тәсіл оқушылардың қызығушылығын, ынтасын арттырады, бұл өз кезегінде пәндік білімді меңгерудің негізі болып табылады [2].

Сонымен қатар тарих пәнін мектепте оқытудың әлемдік тәжірибесі көптеген елдерде (Ұлыбритания, Сингапур, Финляндия және т.б.) ұлттық тарихты оқытуға ерекше көңіл бөлінетінін көрсетеді. Дүниежүзі тарихынан әлемнің жалпыөркеніеттік матрицасын қалыптастыруға елеулі әсер еткен елдер мен мәдениеттер, сонымен қатар, әлемдік түйінді/маңызды оқиғалар зерделенеді. Яғни басқа мемлекеттердің тарихы өз елдерімен өзара қарым-қатынас контекстінде оқытылады. Сондықтан «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұнын құрылымдауда осы аталған тәжірибелер де сараланды. Бұл оқушылардың ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны өлкетану курсы материалдарымен толықтырылды. Тарих пәні мұғалімі сабақта өлкетануды кіріктіруі керек. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінің оқу мақсаттары шиыршық принципі негізінде дағдыларды дамытуға негізделген [3].

Осы орайда оқу бағдарламаларының, бағалаудың, оқулықтар мен оқыту әдістемелерінің ұлттық стандарттарына байланысты негізгі білім беру құндылықтары мен мақсаттары оқушылардың жалпы деңгейінің жетістіктерін арттыруды, сондай-ақ инновациялар мен озық тәжірибе үшін қажетті дағдыларды дамытуды, мектеп бағдарламасы арқылы ұлттық бірегейлікті растау мен іске асыруды және неғұрлым кең халықаралық тәжірибемен өзара іс-қимылды қамтиды.

Жаңартылған білім беру бағдарламалары мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қолданылатын әрекеттердің бірі болып табылады. Тарихи пәндер бойынша оқу бағдарламалары осы процестің құрамдас бір бөлігі болса, негізгі және орта мектеп бағдарламаларында тарихи-құқықтық білім беру Қазақстан тарихының және құқық негіздерінің практикалық маңыздылығымен, олардың тарихи сана мен құқықтық сауаттылықты қалыптастырудағы мүмкіндіктерімен анықталатын жетекші орындардың бірі болып саналады.

Білім берудің жаңа бағдарламасы мұғалімдерге қазіргі заманғы оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады: 1. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту. 7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

Жалпы алғанда, жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруы, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру.

Бағдарламаның өзіндік мазмұндық ерекшелігіне тоқталар болсақ:

- пәннің мазмұнын жобалау кезінде спиральдік принципі, яғни тік және көлденеңінен (тақырыптар мен сыныптар бойынша дағдыларды қиындату);

- таным заңдылықтарына негізделген және пәндік операциялардың аса маңызды түрлері бойынша жіктелетін Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;

- білім беру деңгейлері бойынша және барлық оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсат қою, бұл пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;

- бір білім беру саласының ішінде пәндер арасында, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруда «өтпелі тақырыптардың» болуы;

- бөлімдер мазмұнының және ұсынылған тақырыптардың уақыт сұрауларына сәйкестігі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару;

- ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспар түрінде оқу процесін технологияландыру.

Жаңартылған мазмұндағы білім берудің маңыздылығы – оқушыны сыни ойлауға, әртүрлі зерттеу жұмыстарын тәжірибе жасау арқылы іске асыруға жекелей, жұппен, топтық жұмыс жасай білуге үйретеді.

Бағдарламаның басты ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі, яғни оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; әрбір қайталап оқыған сайын оның күрделілігі арта түседі; жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады. Бұдан: оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; бағдарлама қарапайым идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; оқушыларды межеленген оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу көзделеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың жаңа білімді меңгеруіне де, сондай-ақ алған білімін әрі қарай дамытуына да мүмкіндік береді.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарламалар оқушылардың оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқушылардың әр жылы келесі сыныпқа ауысқан сайын ақпаратты бағамдау, дәлелдерді қабылдау және өз дәлелдерін ұсыну шеберліктері арта түседі, іскерлік ортада бәсекеге қабілетті болуға, алған теориялық білімдерін тәжірибеде, қарым-қатынас барысында тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып, одан әрі дамытылып отыратын, жоғарыда атап көрсетілген спиральді оқу бағдарламасы моделіне негізделген.

Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (Брунер Дж., 1962) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оның пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тінті кішкентай балалар да түсіне алады. Д. Брунер адамның танымдық қабілеті шартты түрде бөлінген үш сатыдан тұрады деп тұжырымдайды: белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу); бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу); танбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу). Автордың жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының келесі ерекшеліктері: Блум таксономиясының оқу мақсаттарының иерархиясы. Оқу үдерісінде білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау сатыларында оқушылар іс-әрекет етеді; ортақ тақырыптардың меңгерілуі. Олар барлық пәндерде беріліп отырады. Тақырыптар бір-бірімен тығыз байланыста, сабақтастықта өтеді; оқу мазмұнының ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарларының құрылып, құрылған жоспарлардың жүйелі іске асуы; оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушы бойында адамгершілік-рухани қасиеттерді қалыптастыру; білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою болып табылады; бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сай келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар

аударуы; коммуникативті қарым-қатынас, ақпараттық зерттеу жұмысын жүргізу, топпен және жеке жұмыс жасау, сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыту негізгі мәселенің бірі. Сын тұрғысынан ойлау қабілеті дамыған оқушының бойында пәнді терең түсіну дағдысы қалыптасады; оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұсыным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысуы). Белсенді оқу – оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады.

Оқушы жетістігін нақты бағалау – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Жаңартылған мазмұндағы бағдарламаға сәйкес критериалды бағалау – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі, яғни белгілі бір критерийлер арқылы бағалау. Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты – мектепте оқыту сапасын көтеру, мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру. Міндеттері: сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтау; бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті; жеке оқушының даму жетістігін бақылау; оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындау; әртүрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне оқушының көзін жеткізу; оқу бағдарламасының тиімділігін саралау; сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету [3] болып табылады.

Бұл жағдайда өзін-өзі бағалауға баса назар аударылады. Критерий арқылы бағалау мұғалімдерге сапалы нәтиже алуды қамтамасыз ететін критерийлерді құруға; өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға; оқу үрдісінің сапасын жақсартуға; әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың траекториясын құруға мүмкіндік береді.

Критериалдық бағалау жүйесі әлемнің Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерінде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, шығармашылық, оқу-танымдық іс-әрекетін белсендендіреді, ғылыммен айналысуына қызығушылығын туғызып, ынтасын арттырады. Жалпы алғанда, критериалды бағалауды енгізу арқылы жоғарыда атап көрсетілгендей, білім сапасын арттыруға қол жеткізіледі. Оқыту үрдісі барысында бағдарламаға сәйкес оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалау (formative) - бағаны жақсарту мақсатында жасалатын кадамдарды анықтау үшін ағымдағы жағдай туралы мәліметтер алуға қолданылады.

Жиынтық бағалау (summative) - өтілген кезең бойынша зерделенген материал мөлшерін анықтауға қолданылады.

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау болып табылады. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады (ауызша сұрақ, жазба, практикалық жұмыстар т.б.). Қалыптастырушы бағалауда мұғалім - оқытудың келесі деңгейін жоспарлау үшін тексеру жұмыстарының нәтижесін қолданады; оқушыға білімін арттыру үшін пайдалы кеңестер береді; жұмыс нәтижесі бойынша әр оқушыға жеке-жеке мақсаттар қояды. Ал, оқушыға өз қатесі негізінде үйренуге көмектеседі; маңыздыны түсінуге көмектеседі; қолынан не келетінін түсінеді; білмейтін тұстарын анықтайды; нені істей алмайтынын түсінеді.

Қалыптастырушы бағалаудың қолданылуына келер болсақ: негізгі бағалауда барлық критерийлер барынша қолданылуы керек; критерий оқушының жас ерекшелігіне,

бағдарламаға сай алынады; әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді. тоқсан соңында әр критерий бойынша негізгі бақылаудан алынған орташа балл есептелінеді.

Негізгі ұстанымдары: бағамен оқушының жұмысы бағаланады; дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі болуы шарт; оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет; нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңінің (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) бөлімдері аяқталғаннан кейін жүзеге асырылатын бағалау тәсілі. Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға оқушының үлгерімі туралы ақпарат беру мақсатында, оқу бағдарламасының бөлімдері/өтпелі тақырыптар мен белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқталғаннан кейін балл немесе баға қою арқылы жүзеге асырылады. Бұл оқушының белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді.

Бөлімдер/өтпелі тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе өтпе тақырыптар аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Жиынтық бағалаудың аталған тәсілі нәтижесінде білім алушыларға тоқсан бойынша баға қою кезінде ескерілетін балл қойылады. Бөлімдер/өтпелі тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне сәйкес жасалады.

Бөлімдер/өтпелі тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау критериалды бағалаудың белгіленген тәртібі бойынша жүргізіледі. Бөлімдер/өтпелі тақырыптар бойынша жиынтық бағалау ережелері жиынтық бағалау бойынша әдістемелік нұсқауда берілген.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау тоқсан соңында өткізіледі, ол оқушылардың оқу бағдарламасының мазмұнын білім және меңгеруі бойынша дәлелдер бере отырып, тоқсан ішіндегі оқу үрдісінің прогресін өлшейді. Алынған нәтиже тоқсан үшін баға қою кезінде ескеріледі. Тоқсан ішіндегі жиынтық бағалау бойынша жұмыс ойлау дағдысының деңгейін бағалайтын тапсырмалардан, соның ішінде ойлау дағдыларын жоғары деңгейде бағалайтын әртүрлі деңгейдегі тапсырмалардан (талдау, синтез, бағалау) тұруы тиіс.

Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Жиынтық бағалау белгілі бір тақырыпты қорытындылау мақсатында орындалады, мазмұны оқылған материалды қамтуы керек. Жиынтық бағалаудағы оқушының алған бағасы тоқсандық баға болып табылады.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау жүйесі арқылы мұғалім әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра, жеке білім алу траекториясын құрады, бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдаланып, оқытудың сапасын арттыра алады. Оқушы берілген бағалау критерийлерін түсіну, қолдану, жұмысын бағалай білу, кері байланысқа түсу, сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсету мүмкіндігіне ие болса, ата-анасы баласының білім алуындағы өсу деңгейін қадағалай алады. Критериалды бағалау технологиясының нақтылық, әділдік, ынталандыру, белсенділік, жеке тұлғаға бағытталуы сияқты артықшылықтарымен қатар, оқытуды жақсартудағы өзіндік қағидалары да бар. Атап айтсақ, оқушылармен кері байланысты тиімді қамтамасыз ету; білім алушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы; бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту; оқушылардың өзін-өзі бағалауы және өздерінің білім деңгейі мен сапасын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттігі.

Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Критериалды бағалаудың басты артықшылығы алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы мен анық, айқындылығы; бағаның әділдігі және білім алушыға өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі болып табылады.

Жалпы алғанда, қазіргі білім берудегі жаңашыл процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі мәселесі құрайды: озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау мен тарату

және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу. Жаңашыл процестердің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын жаңалықты қолдануы тиіс және де пән мазмұнының жанаруы оны оқушыларға игертудің әдістерін де жетілдіруді талап етеді [5, 137 б.]. Өйткені жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы оқу процесін дұрыс ұйымдастырып, оқушының шығармашылық қабілетін арттыру төменде көрсетілген нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: берілген білімді сапалы, жүйелі меңгеру; білімнің өмірмен байланыстылығын сезіну; өзіндік жұмысты ғылыми тұрғыда орындау; тірек сызбалар құрастырып, өздігінен жоспар жасау; ғылыми-әдістемелік, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс жасай алу; модельдеу, жобалау әдістерін пайдалана алу [5, 142 б.]. Оқытудың озық технологияларын сабақта тиімді пайдалану оқушыларды сабақ процесі барысында өздігінен жұмыс істеуге үйретеді, оқу-танымдық іс-әрекетін арттырады.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://adilet.zan.kz/kaz/>

2. Шегенова З., Жанисов А. Проблемы и перспективы школьного исторического образования в условиях обновления содержания среднего образования // Открытая школа. - №3 (154). 2016

3. Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында тарих пәнін оқыту тұжырымдамасы / Өзірлеушілер мен құрастырушылар: Алпысбес М.А., Әбіл Е.А., Әдиет Қ.Б., Сатанов А.Б. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021. – 30б. 4. Джаркинбаева Г. Критериалды бағалау – оқушы мүмкіндігін арттыруға жол ашады. Электрондық ресурс: <https://bilimainasy.kz/>

5. Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К. Тарихты оқыту әдістемесі: оқулық. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. -260 б.

## **ТАРИХ САБАҒЫНДА ЭКСКУРСИЯ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Шайжанова Ғ.К.,** оқытушы

«Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжі, ЖММ  
Балқаш қ., Қазақстан

Оқуды қызықты іс-әрекетке айналдыру, студенттерді қызметтің түрлі түріне жұмылдыру, олардың танымдық белсенділігін арттыру, қабілеттерін дамытуға экскурсия сабақтары мүмкіндік береді. Мұндай сабақтарда студенттер оқу мен шынайы өмірді өзара байланыстырып, табиғи жағдайда құбылыстар мен оқиғаларды зерттейді. Көрнекілік, қолжетімділік, ғылымилық, теория мен тәжірибенің байланысы – осы дидактикалық принциптер экскурсия сабағында іске асады.

Экскурсия (лат. *excursio* – сапар) – ғылыми, білім беру, танымдық, мәдени-ағарту, демалу және т.б. мақсаттарда белгілі бір орындарға ұйымдастырылатын ұжымдық сапар немесе жорық болып табылады. Экскурсияның мазмұны зерттеу нысанына байланысты. Тақырыбы бойынша мәдени-тарихи, ғылыми жаратылыстану, өндірістік, өлкетану экскурсиялары болып бөлінеді. Экскурсияны оқу жүйесіне байланысты оқу орындарында жиі пайдаланады. Экскурсия білім алушылардың ой-өрісін кеңейтуге бейімдейтін оқу-бағдарламалық және оқу орнынан тыс экскурсиялар болып бөлінеді. Экскурсияның негізіне оның ақпараттық бөлімі, қоршаған ортамен байланысы, ғылыми мәні, білім алушылардың бір-бірімен байланысы, оның идеялығы сияқты бөлімшелерді құралады.

«Экскурсия» сөзі айналымға ХІХ ғасырда енген. Алғашқыда «әскери шапшандық» деген мағынада қолданылды, кейін сөз мағынасы «серуенге шығу», «жорық», саяхаттау деген ұғымдарға ауысқан.

Жеке пән ретінде де оқу үрдісіне кейін енгізіледі. Яғни, пән ретінде дамуы